

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Менің кіші Отаным» облыстық конкурсын өткізудің
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 «Менің кіші Отаным» облыстық конкурсы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру және волонтер жылының шеңберінде өткізіледі. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу жалпыға қолжетімділік принципіне құрылады.

1.2 Конкурстың мақсаты:

- волонтерлік қозғалысты көпшілікке тарату, Павлодар облысы оқушыларының азаматтық позициясы мен толеранттық деңгейін арттыру.

1.3 Конкурстың міндеттері:

- волонтерлікке қызығушылық танытқан оқушыларды анықтау және қолдау;
- туған өлкенің тарихын зерттеуге танымды қызығушылыққа ынталандыру;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін және әлеуметтік белсенділігін дамыту;
- туған жер, өз аулы, қаласы, ауданына деген сүйіспеншілік, ортақ тарих негізінде бірлік пен жалпықазақстандық ұқсастықты қалыптастыру;
- патриотизм, ұлттық өзара теңестіру және өзінің кіші Отаны үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

1.4 Конкурстың ұйымдастырушысы:

- «М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК.

1.5 Конкурс қатысушылары

Конкурс қатысушылары 15-17 жастағы жасөспірімдер (Павлодар облысының жалпы білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары). Команда 5 адамнан құралады.

1.6 Конкурстың қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына кіретіндер: Павлодар облысы Білім беру басқармасының мамандары, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы басшысының бейіндік оқыту бойынша орынбасары.

**2. «Менің кіші Отаным» облыстық конкурсты
өткізу тәртібі**

2.1 Конкурс екі кезеңмен өткізіледі: бірінші (сырттай) кезең және екінші (күндізгі) – ұсынылған материалдарды қорғау.

Бірінші кезең (**1-30 сәуір 2020 ж.**) – іріктеу аудандық/қалалық
Конкурсты өткізудің формалары: әлеуметтік жоба, бейнеролик және
тұсаукесер конкурстары.

Конкурстың іріктеу аудандық/қалалық кезеңінің жеңімпаздары облыстық
конкурсқа қатысады .

Екінші кезең (**15 мамыр 2020 ж.**) - облыстық

Облыстық конкурстың бағдарламасы:

1.Есімхат карточкаларының конкурсы - «Біздің өмірлік ұстанымыз -
Наша жизненная позиция» үгіт бригадалардың өздерін таныстыруы –
волонтер қозғалысындағы команданың жұмыс бағыты туралы қысқаша
мәлімет.Бұл конкурсқа қатысу үшін өтінішпен бірге волонтердің күнделігі,
портфолиосы, алғыс хаттары, грамоталары, фотоматериалдары қоса берілуі
тиіс.

Конкурс өлшемдері:

- Әлеуметтік маңызды шараларға қатысу ;
- Ерікті акция мен іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуы;
- Өзінің жеке үлгісі негізінде волонтерлік және ерікті жұмысты насихаттау .
- Регламент: 7 мин.

2.Әлеуметтік ролик «Мен болмасам, кім ?» Әлеуметтік мәселені
шешудің нұсқасын мысалға келтіру және жұмыстың тәрбиелік мәнін көрсету
қажет. Роликтің ұзақтығы 7 минуттан аспауы тиіс.

Конкурстың өлшемдері:

- бағыты
- мақсаты
- міндеттері
- іске асыру бағдарламасы
- өзектілігі
- ойының ерекшелігі
- жұмыстың кәсіби шеберлігі.

3. Волонтерлік жоба «Туған елім - мекенім». Волонтер топтардың
әлеуметтік белсенді жұмысының көрінісі, сандық көрсеткіштері, белсенділік
мониторингісін жүргізу, әлеуметтік –волонтерлік жұмысқа тарту.

Конкурстың өлшемдері:

- жобаның сұраныста болуы
- жобаны әрі қарай дамыту мүмкіндігі
- партнерлік ресурстардың болуы
- жобаны іске асыру бойынша жұмысқа тартылған жас адамдардың саны.

Қатысушылар өз жобаларын еркін түрде көрсетіп таныстырады, регламент 10-
15 минут (электрондық таныстыру құпталады фото, видео және қағаз
материалдары).

4. Экспромт тапсырма «Күтпеген жағдаяттар» (облыстық кезеңде)

Конкурстың өлшемдері:

- Қатысушылар волонтер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдыларды бейнелеуі
қажет.

- Регламент 10 минут

3. Конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар

3.1 Конкурсқа жұмыс қазақ және орыс тілінде беріледі.

3.2 Ұлттық, әлеуметтік, діни ауауыздықты насихаттайтын және әдептілік нормаларына қайшы келетін жұмыстар конкурсқа қабылданбайды.

3.3 Конкурстық жұмыс бұрын жарияланбаған және басқа конкурстарға қатыспаған болуы тиіс.

3.4 Конкурстық жұмысқа Ғаламтор желісінен алынған бейнероликтер мен тұсаукесерді қолданбауды ұсынамыз.

3.5 Конкурстық жұмыс қайтарылмайды және рецензияланбайды.

Конкурсқа қатысу шарттары бұзылған жағдайда ұйымдастырушылар жұмысты бағаламау құқығына ие болады.

4. Конкурстық жұмысты бағалау өлшемдері.

4.1 Конкурстық жұмысты бағалау өлшемдері:

- конкурстық жұмыс мазмұнының конкурс талаптарына сәйкестігі;
- тақырыптың толық ашылуы ;
- идеяның ерекшелігі;
- берілген мәліметтің шынайылығы;
- терминологияны қолданудың орындылығы;

4.2 Командалардың өнерін бағалау өлшемдері:

- конкурс тақырыбына және эстетикалық талаптарға сәйкес сырт бейнесі;
- команданың ұйымшылдығы;
- уақыт регламентінің сақталуы.

5. Жоба қатысушыларын марапаттау тәртібі

5.1 Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

5.2 1,2,3 орынға ие болған конкурс қатысушылары дипломмен марапатталады. Орын алмаған қатысушыларға сертификат тапсырылады.

5.3 Жеңімпаздардың аттары Павлодар облысының Білім беру басқармасы М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайтында жарияланады.

6. Қатысу тәртібі

6.1 «Менің кіші Отаным» конкурсының облыстық кезеңіне қатысуға өтініш және конкурстың іріктеу аудандық/қалалық кезеңін ұйымдастыру және өткізу бойынша есеп беру (1 қосымша) 2019 жылдың 7 мамырына дейін келесі электрондық мекенжайға: metodotdelDSH@mail.ru немесе мына мекенжай бойынша жіберіледі: Павлодар қ., 1 Май к-сі, 27, «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы»КМҚК, № 228 каб.

7. Жобаны іс асыру үшін жауапты :

Беккожина Бахыт Сагантайқызы, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері

Байланыс телефоны: 651296, 87052580314 сағ. 9.00- 18.00.

Қосымша № 1

«Менің кіші Отаным» аудандық/қалалық конкурсты өткізудің қорытындысы

№ к/с	Білім беру мекемесінің атауы	Қатысушылардың жалпы саны	Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы саны
1			
1			
2...			
Аудан/қала бойынша барлығы:			

«Менің кіші Отаным» облыстық конкурсқа қатысушының өтініші

Қала/аудан	
Ұйым	
Команданың аты	
Қатысушылар құрамы:Т.А.Ә., жасы	
Жетекшінің Т.А.Ә.	
Жетекшінің лауазымы және жұмыс орны	
Жетекшінің байланысы (жұмыс, ұялы тел., E-mail)	
Конкурстық жұмысты жазған күні	

